

6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованаң «Алатау бәйшешегінің (*Crocus alatavicus* L.) фармакогностикалық талдауы және интродукциясының технологиялық аспектілері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

| Р/Н | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|------------|--|--|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованаң «Алатау бәйшешегінің (<i>Crocus alatavicus</i> L.) фармакогностикалық талдауы және интродукциясының технологиялық аспектілері» диссертациялық жұмысы «Табиғи шикізат негізінде антисептикалық құралдарды өндірудің толық циклін әзірлеу» (10.07.2015ж. №012РК40178) ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша бағдарламалық-бағытты қаржыландыру аясында орындалған.</p> <p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында қарастырылған Қазақстан Республикасының аумагында өсетін дәрілік осімдіктерді пайдалана отырып, препараттар өндірісін ұйымдастыру бағытына сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 6 қазандагы № 132-ө өкімі).</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қөсады/қоспады, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | <p>Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады. Оның медицина және фармациядағы ғылыми-практикалық маңызы диссертациялық жұмыста жақсы ашылған және алынған экспериментальды зерттеу нәтижелерімен негізделген.</p> <p>Диссертацияда қазіргі таңда басымдылыққа ие болып отырган мәселелер: Қазақстанның фармацевтикалық нарығының дәрілік препараттар импортына тәуелділігін төмендетуді қамтамасыз ету мақсатында отандық өсімдік ресурстарын пайдалану және GACP талаптарына сәйкес <i>Crocus alatavicus</i> дәрілік өсімдігін интродукциялау</p> |

| | | | |
|----|----------------------|--|--|
| | | | арқылы дәрілік өсімдік шикізат базасын ныгайту қарастырылған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган</p> | Ұсынылған ғылыми жұмыста ізденуші өзі жазудың жоғары деңгейін көрсетті. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің қысындылығын атап өту қажет. Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар, бөлімдер бойынша тұжырымдар мен қорытындылардың дұрыстығы эксперименттік материалдың едәуір көлемімен негізделген, заманауи сертификатталған жабдықтар мен дәл өлшеу әдістерін пайдалана отырып, зертханалық жағдайларда жүргізілген өз зерттеулерінің нәтижелерімен, сондай-ақ әдеби деректермен салыстырумен толық дәлелденген. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды</p> | <p>Диссертацияның өзектілігі негізделген. «Салауатты ұлт» ұлттық жобасының 2021-2025 жылдарға арналған негізгі міндеттерінің бірі отандық фармацевтикалық өндірісінің үлесін 50 % -га дейін ұлттайту болып табылады. Осы міндетті орындау мақсатында отандық жаңа дәрілік өсімдіктерді іздеу, оларды кешенді фармакогностикалық зерттеу және фармацевтикалық ондірісті тұрақты өсімдік шикізат базасымен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан, З.Б. Алламбергенованаң <i>Crocus alatavicus</i> өсімдік шикізатын фармакогностикалық кешенді зерттеуге және GACP талаптарына сәйкес интродукциялаудың оңтайлы технологиясын іздестіруге арналған диссертациялық жұмысының тақырыбы фармацевтика гылымы мен өндірісі үшін өзекті болып табылады.</p> <p>Диссертацияның негізгі мазмұны мәлімделген тақырыпты тоғызымен айқындауды және зерттеудің негізгі мақсатына - шикізатты кешенді фармакогностикалық зерттеуге және дәрілік өсімдік шикізатын алуудың толық циклін үйімдастыру үшін интродукциялау технологиясын әзірлеуге сәйкес келеді.</p> |

| | | | |
|----|----------------------------|--|---|
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | <p>Зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Бұл ретте міндеттердің саны мен реттілігі зерттеу мақсатына шикізатты кешенді фармакогностикалық зерттеуге және фармакопеялық сапада өсімдік субстанциясын алудың толық циклін үйімдастыру үшін интродукциялаудың оңтайлы технологиясына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | <p>Диссертацияның әрбір келесі бөлімі алдыңғы бөліммен логикалық байланысқан, өзіндік дәйектілігі бар және жұмыс ішкі бірлік принципіне сүйене отырып рәсімделген. Диссертацияда зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін зерттеу материалы мен әдістерін және нәтижелерді талдаудың статистикалық әдістерін жеткілікті түрде тандаумен сипатталатын тәртіп байқалады.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сұни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p> <p>Микроскопиялық және фитохимиялық талдау нәтижелері <i>Crocus L.</i> туысының басқа түрлерінің зерттеу нәтижелерімен салыстырылып бағаланған. <i>Crocus alatavicus</i> шикізатының туыстың басқа түрлерімен салыстырғандагы морфолого-анатомиялық құрылымы мен фитохимиялық құрамындағы ерекшеліктері нақты дәлелдермен көлтірілген.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Алынған ғылыми нәтижелер мен қагидаттар толығымен жаңа, себебі алғаш рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зерттелетін түрді фармакопеялық талаптар шеңберінде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін <i>Crocus alatavicus</i> осімдік шикізатының морфологиялық және анатомиялық диагностикалық белгілері анықталған; - заманауи физика-химиялық әдістер комегімен <i>Crocus alatavicus</i> өсімдік шикізаты құрамындағы 60-қа жуық қосылыштар анықталған: атап айтқанда, ЖЭСХ-ESI-QTOF-МС әдісімен – әр түрлі биологиялық белсенеді |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>заттар топтарына жататын 22 қосылыс, ЯМР-МС көмегімен 3 каротиноидтар және 7 монотерпеноидтар, ГХ-МС көмегімен 13 май қышқылдары, 4 фенол қышқылдары, 20 амин қышқылдары анықталған. Анықталған кемпферол және β-каротин зерттелетін объектінің химиялық маркерлері ретінде <i>Crocus alatavicus</i> шикізатын стандарттауда қолданылған;</p> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Crocus alatavicus</i> өсімдік шикізатының қауіпсіздігі мен биологиялық белсенділік профилі, оның ішінде бактерияга, ашытқы санырауқұлақтарына, вируска және ісікке қарсы белсенділіктері дәлелденген; - GACР қагидаттарына сәйкес <i>Crocus alatavicus</i> өсімдігін тұқымнан көбейту әдісімен интродукциялаудың оңтайлы технологиясы ұсынылған. Жаңалық Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінің Мемлекеттік реестрінде 09.08.2021 жылы тіркелген «Алатау бәйшешегін тұқымнан өсіру тәсілі» №6737 пайдалы модель патентімен расталған. - жабайы және интродукцияланған <i>Crocus alatavicus</i> шикізатының химиялық құрамына салыстырмалы талдау жүргізілген. |
| | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Жоғарыда келтірілген нәтижелер мен тұжырымдар автордың эксперименттік зерттеулеріне негізделген, яғни диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады, диссертацияның гылыми жаңалығы күмән тудырмайды.</p> |
| | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Автормен ұсынылған технологиялық шешімдер толығымен жаңа болып табылады және енгізу актілерімен негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - GACР принциптеріне сәйкес <i>Crocus alatavicus</i> өсімдігін тұқымнан көбейту әдісімен интродукциялау технологиясының нәтижелері «Fitoleum» ЖШС-не енгізілген; |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | | - GACP принциптеріне сәйкес интродукцияланған <i>Crocus alatavicus</i> шикізатын жинау, дайындау және сақтау технологиясы «Fitoleum» ЖШС-не енгізілген. Технологиялық жаңалығы пайдалы модель патентімен расталған. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген | Ғылыми зерттеу заманауи талаптарға сәйкес орындалған. Алынған нәтижелердің дұрыстығы докторанттың іргелес зерттеулерінің нәтижелерімен расталады, тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми түрғыдан алынған эксперименттік деректердің дәлелдеріне негізделген. |
| 7. | Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> | <p>7.1 Қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелденген. Докторант қорғауға осімдік шикізатын кешенді фармакогностикалық зерттеудің алынған нәтижелерін, шикізатының қауіпсіздігі мен биологиялық белсенділіктер профилін бағалау бойынша зерттеу нәтижелерін және <i>Crocus alatavicus</i> дәрілік есімдігін интродукциялаудың онтайлы технологиясын әзірлеу негізdemесін ұсынатын бірқатар іргелі мәлімдемелер ұсынған.</p> <p>7.2 Қағидаттар травиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің барлық қағидаттары жаңа болып табылады және диссертация қорытындысымен сәйкес келеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең, өйткені диссертацияда қарастырылған практикалық қағидаттар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру саласында, сонымен қатар, практикалық фармацияда қолданылуы мүмкін.</p> <p>7.5 Ия, дәлелденген. Зерттеу нәтижелері 16 ғылыми жарияланымдарда, оның ішінде: Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорына кіретін журналда - 1; КР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда - 5; Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында - 8; халықаралық журналдарда - 1 мақала жарық көрген және</p> |

| | | | |
|----|---|---|--|
| | | | пайдалы модельге патент алынған. |
| | | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок | Диссертациялық зерттеу әдіснамасын таңдау жеткілікті негізделген. Пайдаланылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың «Зерттеу материалдары мен әдістері» бөлімінде егжей-төгжелі сипатталған. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок | Докторант ғылыми жұмысын жүргізу үшін заманауи физика-химиялық әдістерді және компьютерлік технологияларды, оның ішінде HPLC-ESI-QTOF-MS және RP-HPLC/PDA жүйелерінің теріс иондау режимін, ЯМР-MC, ГХ-МС, имидждік цитометрия әдістерін қолданған. «Microsoft Excel 2010», «Statistica 13 (StatSoft, Краков, Польша)» және «GraphPad Prism (Сан-Диего, Калифорния, АҚШ)» бағдарламаларына сүйене отырып, алынған нәтижелерді өндей білген. Зерттеу жұмыстарын С. Ж. Асфендияров атындағы «Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ (Алматы қ., Қазақстан Республикасы), Б. А. Атчабаров атындағы «Іргелі және қолданбалы медицина ғылыми зерттеу институты» (Алматы қ., Қазақстан Республикасы), Люблин медициналық университеті (Люблин қ., Польша) және «Fitoleum» ЖШС фармацевтикалық кәсіпорнының базаларында орындалған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) ия; 2) жок | Теориялық қорытындылар, анықталған озара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген, олардың нәтижелері диссертацияның тиісті бөлімдерінде және ғылыми жарияланымдарға шығарумен расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінше расталған / расталмаган | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған және автор тұжырымдарының дәлелдерін көлтіреді. Диссертацияда ғылыми рецензияланған халықаралық басылымдардың мақалаларында жарияланған зерттеулердің пәтижелеріне сілтемелер жасалынған, олардың басым бөлігі соңғы |

| | | | |
|---|----------------------|--|---|
| | | | бесжылдыққа жатады. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 159 дереккөздің жеткілікті саны бар, олардың кем дегенде 75% іздеу терендігі 5 жылдан аспайды, негізінен алыс шетел авторлары. Библиографиялық тізім ізденушіге зерттеудің өзектілігін негіздеуге мүмкіндік берді. |
| | | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ | Диссертация теориялық маңыздылыққа ие, диссертациядағы әдеби және ғылыми эксперименттік деректер ғылыми енбектерді дайындауда және оқу процесінде қолданылады. <i>Crocus alatavicus</i> шикізатының бактерияларға, ашытқы саңырауқұлақтарына, вирусқа және ісікке карсы белсенділіктерін зерттеу нәтижелері Люблин қаласы Медицина университетінің (Польша) Фармацевтикалық микробиология кафедрасының оқу процесіне, фармакогностикалық зерттеу нәтижелері С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника кафедрасының оқу процесіне енгізілген. |
| 9 | Практикалық принципі | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ | Алынған нәтижелерді іс жүзінде қолдану ықтималдығы жоғары. Практикада қолдану мүмкіндігі GACP принциптеріне сәйкес <i>Crocus alatavicus</i> өсімдігін тұқымнан кобейту әдісімен интродукциялау және шикізатты дайындау технологияларын «Fitoleum» фармацевтикалық компаниясына енгізу актілерімен расталады. Сонымен қатар, практикалық маңызға ие «Алатау бәйшешегі шебі» нормативтік құжаттамасы жасалынған. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Алатау бәйшешегі (<i>Crocus alatavicus</i>) дәрілік өсімдік шикізатына кешенді фармакогностикалық зерттеу жүргізу және дәрілік осімдік шикізатын GACP талаптарына сәйкес интродукциялау өсімдік шикізаты көздерінің номенклатурасын кеңейтуге, дәрілік шикізаттан фитосубстанциялар мен оның негізінде |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|---|
| | | | заманауи препараттарды әзірлеуге мүмкіндік береді. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованың «Алатау бәйшешегінің (<i>Crocus alatavicus L.</i>) фармакогностикалық талдауы және интродукциясының технологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының академиялық жазу сапасы жогары деңгейге, сондай-ақ ғылыми жаңалықта ие және практикалық маңызы бар, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыстың құрылымы дәстүрлі бөлімдерден: кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдар мен әдістерінің сипаттамасы, зерттеу нәтижелері, әр бөлімге берілген тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Қорғауға ұсынылған диссертация оң багаға лайық және оның авторы З.Б. Алламбергенова 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты. |

Рецензент

Фармация ғылымдарының докторы, профессор,
«Астана медицина университеті» КеАҚ
Фармация мектебінің деканы



А. Б. Шукирбекова



06 2023 ж.